

Қазығұрт ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 25/153-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 қаңтарда № 4388 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы № 11/78-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 21.02.2024 № 11/78-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазығұрт ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Қазығұрт аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгілінген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазығұрт ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қазығұрт аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

С.Сенгирбаев

У.Копеев

Қазығұрт аудандық
мәслихатының
2017 жылғы 27 желтоқсандағы
25/153-VI шешіміне
№ 1 қосымша

Қазығұрт ауданы бойынша тұрғын үй қоры мен тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің түрлері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 42/286-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік | Жылдық жинақталу нормасы, м3 |
|---|--|----------------|------------------------------|
| 1 | Жайлы және жайлы емес үйлер | 1 тұрғын | 0,95 1,061 |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын | 1 |
| 3 | Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын | 1 |
| 4 | Балабақшалар, бөбекжайлар | 1 орын | 0,3992 |
| 5 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, | 1 қызметкер | 0,275 |

| | | | |
|----|---|---------------------|--------|
| | жинақбанктері, байланыс бөлімшелері | | |
| 6 | Емханалар | 1 келіп кету | 0,275 |
| 7 | Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын | 1,0 |
| 8 | Мектептержәнеөзге де оқуорындары | 1 оқушы | 0,12 |
| 9 | Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын | 0,0001 |
| 10 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы | 1 отыратын орын | 0,2 |
| 11 | Мұражайлар, көрмелер | жалпы алаңы 1 м2 | - |
| 12 | Стадиондар, спорт алаңдары | жоба бойынша 1 орын | 0,2 |
| 13 | С п о р т , бижэнеойынзалдары | жалпы алаңы1 м2 | 0,2 |
| 14 | Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | сауда алаңы1 м2 | 1,23 |
| 15 | Машиналардан сату | сауда орнының 1 м2 | - |
| 16 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | сауда алаңы1 м2 | 0,974 |
| 17 | Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | жалпы алаңы 1 м2 | - |
| 18 | Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары | жалпыалаңы 1 м2 | - |
| 19 | Тұрмыстыққызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету | жалпыалаңы 1 м2 | 0,2 |
| 20 | Вокзалдар, автовокзалдар , әуежайлар | жалпыалаңы 1 м2 | 0,5 |
| 21 | Жағажайлар | жалпы алаңы1 м2 | - |
| 22 | Дәріханалар | сауда алаңы1 м2 | 0,91 |
| 23 | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар | 1 машина-орын | 0,107 |
| 24 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы | 0,2 |
| 25 | Гараж кооперативтері | 1 гаражға | - |

| | | | |
|----|--|----------------|--------|
| 26 | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмысорны | 0,2 |
| 27 | Кіржуатын орындар, химиялықтазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | жалпыалаңы1 м2 | 0,27 |
| 28 | Зергерлік, аяккімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | жалпыалаңы1 м2 | 0,06 |
| 29 | Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттержасау және сол сияқтылар.) | 1 жұмысорны | 0,06 |
| 30 | Моншалар, сауналар | жалпыалаңы1 м2 | 0,23 |
| 31 | Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар | 1000 қатысушы | - |
| 32 | Бау-бақша кооперативтері | 1 учаске | 0,0019 |

Қазығұрт аудандық мәслихатының
2017 жылғы 27 желтоқсандағы
25/153-VI шешіміне қосымша

Қазығұрт ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 28.03.2019 № 42/272-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № P/c | Атаулары | Есептік бірлік | Баға, теңгемен |
|----------|--|----------------|----------------|
| 1 | Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері | | |
| 1.1 | Жайлы үйлер | 1 адам | 105 |
| 1.2 | Жайсыз үйлер | 1 адам | 94 |
| 1.3 | Заңды тұлғалар | 1 текше метр | 1189 |
| 2 | Тұрмыстық қаты қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері | | |
| 2.1 | Жеке тұлғалар | 1 текше метр | 105 |
| 2.2 | Заңды тұлғалар | 1 текше метр | 260 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК